

Көксу ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Жетісу облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 12 қарашадағы № 429 қаулысы

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Көксу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көксу ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) Көксу ауданының жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы 2023 жылғы 16 мамырдағы № 195 қаулысы;

2) Көксу ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 20 шілдедегі № 293 қаулысы "Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын Көксу ауданының жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Көксу ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 16 мамырдағы № 195 қаулысына өзгертулер енгізу туралы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16299 болып тіркелген).

2. Осы қаулының орындалуын қадағалау аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Д.Халелов